



Бекітемін: «Талпын»-пәкізеті оңалту балабақшасы
Директор Махутова М.Х.
2025 жыл

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

№1 педагогикалық кеңес

2025-2026 оқу жылы

Тақырыбы:

«Мектепке дейінгі түзету оңалту мекеменің 2025–2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі бағыттары»

Өткізілген күні: «03» қыркүйек 2025 жыл.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: 03.09.2025 жыл

Түрі: Дәстүрлі

Тақырыбы:

«Мектепке дейінгі түзету оңалту мекеменің 2025–2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі бағыттары»

Мақсаты:

2025–2026 оқу жылында оңалту-түзету балабақшасында оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы білім беру мен түзету-дамыту жұмыстарын жетілдіру.

Торайымы: М.Х. Махутова

Хатшы: Муалбаева Ә.Б.

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024-2025 оқу жылы бойынша жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы туралы директордың есебі Махутова М.Х.
2. Жаңа 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту. Махутова М.Х.
3. Бандама: «Оңалту-түзету балабақшасында заманауи әдістемелер мен оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру технологияларды енгізі». Басбаева А. Жарқын тобы тәрбиешісі.
4. Тренинг: «Қарым-қатынас» логопед Атабаева Н.
5. Әртүрлі мәселелер:
 - Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспарын бекіту;
 - Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін сақтау;
 - Түзету-дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізу
 - Инклюзивті білім беруді жетілдіру

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Педагогикалық кеңестің 1-мәселесі бойынша 2024–2025 оқу жылының жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы туралы директордың есебі Махутова М.Х.

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері!

2024–2025 оқу жылының жазғы кезеңінде арнайы оңалту балабақшасында тәрбиеленуші ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың денсаулығын нығайту, психо-физикалық дамуын қолдау және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында жүйелі сауықтыру жұмыстары жүргізілді.

Жазғы сауықтыру жұмыстары бекітілген жоспар негізінде ұйымдастырылып, әр баланың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылды. Күн тәртібі сақталып, таза ауада серуендеу, қимыл-қозғалыс ойындары, түзету-дамыту жаттығулары тұрақты түрде өткізілді.

Балабақшада логопед, дефектолог, психолог және емдік дене шынықтыру нұсқаушысының қатысуымен кешенді түзету-оңалту жұмыстары жалғастырылды. Арнайы жаттығулар, сенсорлық дамыту ойындары, ұсақ және ірі моториканы дамытуға арналған тапсырмалар балалардың даму динамикасына оң әсер етті.

Жазғы кезеңде денсаулықты нығайтуға бағытталған шынықтыру шаралары (таза ауадағы жаттығулар, су процедуралары, күн сәулесін тиімді пайдалану) жүйелі түрде ұйымдастырылды. Медициналық қызметкерлер балалардың денсаулық жағдайын тұрақты бақылауда ұстап, алдын алу шараларын жүргізді.

Әлеуметтік тұрғыдан қолдауды қажет ететін отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерге ерекше көңіл бөлініп, ата-аналармен тығыз байланыс орнатылды. Ата-аналарға кеңес беру, үй жағдайында жүргізілетін жаттығулар бойынша ұсыныстар берілді.

Қауіпсіздік мәселесі басты назарда болды. Жазғы кезеңде балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында қауіпсіздік ережелері қатаң сақталып, қызметкерлерге нұсқаулықтар өткізілді.

Жалпы алғанда, 2024–2025 оқу жылының жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарлы түрде орындалып, тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, олардың дамуындағы оң өзгерістерге ықпал етті деп есептеймін.

Алдағы уақытта түзету-оңалту жұмыстарының сапасын арттыру, инновациялық әдістерді енгізу және ата-аналармен өзара ынтымақтастықты күшейту бағытында жұмыстар жалғастырылады.

Назарларыңызға рахмет!

Шешімі:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы жақсы деп есептелсін.
2. Жеткен нәтижелерді сақтау және жаңа оқу жылында балалардың бос уақытын тиісді ұйымдастыру жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңестің 2-мәселесі бойынша 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту туралы директор Махутова М.Х.

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері!

Бүгінгі педагогикалық кеңестің екінші мәселесі – 2025–2026 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

Жылдық жоспар Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, сондай-ақ балабақшаның даму бағытын, өткен оқу жылының талдау нәтижелерін ескере отырып әзірленді.

Жоспардың негізгі мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасау, олардың денсаулығын сақтау және нығайту, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету, сондай-ақ түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін арттыру.

Алға қойылған міндеттер:

- тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түзету-дамыту жұмыстарының сапасын арттыру;
- заманауи педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді енгізу;
- мамандар (логопед, дефектолог, психолог) қызметінің өзара ықпалдастығын күшейту;
- инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асыру;
- ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты дамыту;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Жылдық жоспар бірнеше бөлімнен тұрады:

- ұйымдастыру-педагогикалық жұмыс;
- оқу-тәрбие үдерісі;
- түзету-дамыту қызметі;
- әдістемелік жұмыс;
- педагогтердің біліктілігін арттыру;
- ата-аналармен жұмыс;
- әкімшілік-шаруашылық қызмет.

Жоспарда әр бағыт бойынша нақты іс-шаралар, орындау мерзімдері мен жауапты тұлғалар көрсетілген. Сонымен қатар, бақылау және мониторинг жүйесі қарастырылған, бұл жоспардың орындалу сапасын жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік береді. Құрметті әріптестер, ұсынылған жылдық жұмыс жоспарын талқылап, өз ұсыныс-пікірлеріңізді білдірулеріңізді сұраймын. Жоспарды толықтыру және жетілдіру бойынша ұсыныстар ескеріліп, бекітуге ұсынылады.

Осыған байланысты 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекітуді ұсынамын.

Назарларыңызға рахмет!

Шешімі:

1. Арнайы оңалту балабақшасының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жылдық жоспардың орындалуын қамтамасыз ету барлық педагогтар және мамандар қызметкерлерге жүктелсін.
3. Түзету-дамыту жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында мамандардың (логопед, дефектолог, психолог) өзара ықпалдастығы күшейтілсін.
4. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

Педагогикалық кеңестің 3-мәселесі бойынша баяндама

Тақырыбы: «Оңалту-түзету балабақшасында заманауи әдістемелер мен оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру технологияларын енгізу»

Баяндамашы: Басбаева А., «Жарқын» тобының тәрбиешісі

Құрметті әріптестер!

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жүргізуде заманауи әдістемелер мен инновациялық технологияларды тиімді қолдану – басты міндеттердің бірі болып отыр. Оңалту-түзету балабақшасында оқу-тәрбие процесін дұрыс ұйымдастыру әр баланың жеке мүмкіндігін ашуға және оның қоғамға бейімделуіне ықпал етеді.

Заманауи әдістемелердің негізгі мақсаты – баланың тұлғалық дамуына жағдай жасау, оның танымдық белсенділігін арттыру және түзету жұмыстарының тиімділігін күшейту. Осы бағытта біздің балабақшада келесі технологиялар кеңінен қолданылуда:

Біріншіден, ойын технологиясы. Ойын – мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті. Ойын арқылы балалардың сөйлеу тілі, ойлау қабілеті, қарым-қатынасы дамиды. Әсіресе, рөлдік және дидактикалық ойындар түзету жұмыстарының ажырамас бөлігі болып табылады.

Екіншіден, денсаулық сақтау технологиялары. Бұл бағытта тыныс алу жаттығулары, саусак гимнастикасы, сергіту сәттері, релаксациялық жаттығулар жүйелі түрде ұйымдастырылады. Бұл балалардың психоэмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға көмектеседі.

Үшіншіден, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ). Интерактивті тақта, мультимедиялық құралдар, арнайы дамыту бағдарламалары балалардың қызығушылығын арттырып, оқу материалын жеңіл меңгеруге мүмкіндік береді.

Төртіншіден, түзету-дамыту технологиялары. Логопедиялық жаттығулар, сенсорлық дамыту, ұсақ және ірі моториканы дамытуға арналған тапсырмалар, нейрожаттығулар кеңінен қолданылады.

Бесіншіден, жеке және сараланған оқыту тәсілдері. Әр баланың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескере отырып, жеке жұмыс жоспарлары құрылады. Бұл тәсіл балалардың дамуындағы ілгерілеуді қамтамасыз етеді.

Оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруда педагог пен мамандардың (психолог, логопед, дефектолог) өзара тығыз байланысы маңызды. Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен жұмыс та үлкен рөл атқарады.

Қорытындылай келе, заманауи әдістемелер мен технологияларды тиімді енгізу – ерекше балалардың сапалы білім алуына, дамуына және әлеуметтік бейімделуіне мүмкіндік береді. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажет.

Назарларыңызға рахмет!

1. «Оңалту-түзету балабақшасында заманауи әдістемелер мен оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру технологияларын енгізу» тақырыбындағы 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Педагог-мамандарға (логопед, дефектолог, психолог, тәрбиешілер):
 - тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктеріне сәйкес түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
 - ата-аналармен серіктестік жұмыстарын күшейту;
 - инклюзивті білім беру талаптарына сәйкес әдістемелік жұмыстар жүргізу тапсырылсын.
3. Әдістемелік қызмет тарапынан педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында семинар, шеберлік сағаттары, тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылсын.

Педагогикалық кеңестің 4-мәселесі бойынша

Тренинг: «Қарым-қатынас»

Өткізуші: логопед Атабаева Н.

Құрметті әріптестер!

Педагогикалық кеңестің төртінші мәселесі аясында «Қарым-қатынас» тақырыбында тренинг ұйымдастырылды. Тренингтің негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, өзара түсіністік пен тиімді коммуникация орнату, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен және олардың ата-аналарымен дұрыс қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгерту.

Тренинг барысында қатысушыларға қарым-қатынастың негізгі түрлері мен тәсілдері туралы теориялық мәліметтер беріліп, тәжірибелік жаттығулар жүргізілді. Атап айтқанда:

- «Танысу шеңбері» жаттығуы арқылы қатысушылар бір-бірімен жақынырақ танысты;
- «Белсенді тыңдау» әдісі бойынша тапсырмалар орындалып, тыңдай білу мәдениеті дамытылды;
- «Эмпатия» жаттығулары арқылы өзгені түсіну, сезіну қабілеттері жетілдірілді;
- Рөлдік ойындар барысында педагог пен бала, педагог пен ата-ана арасындағы түрлі жағдаяттар талқыланды.

Тренинг қатысушылардың белсенділігімен, ашық пікір алмасуымен ерекшеленді. Педагогтер өз тәжірибелерімен бөлісіп, күнделікті жұмыста кездесетін қиындықтарды бірлесіп шешу жолдарын қарастырды.

Қорытынды бөлімде қатысушылар тренингтен алған әсерлерімен бөлісіп, оның кәсіби қызметтерінде маңыздылығын атап өтті. Тренинг педагогтердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға оң ықпал етті деп есептеледі.

Алдағы уақытта осындай тәжірибелік бағыттағы іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру ұсынылады.

Назарларыңызға рахмет!

Шешімі:

1. Ұжымішілік қарым-қатынасты нығайту мақсатындаай сайын тренингтер мен бірлескен сергіту сәттері өткізілсін.
2. Психолог пен логопед осы бағыттағы жұмысты үйлестіріп отырсын.


5. Өртүрлі мәселелер:

- Педагогтардың өз білімін жетілдіру жоспары бекітілді.
- Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелерін сақтау туралы нұсқаулықтар жүргізілді.
- Түзету-дамыту жұмыстарын жүйелі жүргізу ұйымдастырылсын.
- Инклюзивті білім беруді жетілдіруді өамтамасыз ету мендеттелді.

Шешімі:

1. Жоспарланған жұмыстар бекітіліп, орындалуы қамтамасыз етілсін.
2. Қауіпсіздік талаптарын сақтау және түзету-дамыту жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
3. Инклюзивті білім беру жұмысын жетілдіру жалғастырылсын.

Төрайым:  Махутова М.Х.

Хатшы:  Муалбаева Ә.Б.



2024-2025 оқу жылы бойынша жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы туралы директордың есеп беруі

Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытынды акпарлама

Кезеңі: 2024–2025 оқу жылы бойынша жазғы сауықтыру кезеңі.
Жауапты: директор Махутова М.Х.

Мақсаты:

Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, психологиялық және эмоционалдык жайлылығын қамтамасыз ету, жазғы кезеңде түзете-дамыту жұмыстарын жалғастыру арқылы балалардың танымдық, сөйлеу және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

- Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту жұмыстарын ұйымдастыру;
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;
- Түзете-дамыту жұмыстарын жаз мезгілінде жүйелі жалғастыру;
- Балалардың сөйлеу, танымдық және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту;
- Эмоционалдык жайлы орта қалыптастыру;
- Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жүргізу.

Жүргізілген іс-шаралар:

2024–2025 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінде оңалту-түзету балабақшасында тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, психологиялық жайлылық қалыптастыру, түзете-дамыту жұмыстарын жалғастыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жазғы кезеңдегі жұмыс балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылды.

Маусым айы

Маусым айында «Қош келдің, жайдарлы жаз!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, жазғы сауықтыру маусымы басталды. Барлық топтарда жазғы күн тәртібі бекітіліп, балалардың таза ауада көбірек болуына жағдай жасалды.

Тәрбиеленушілермен:

- таңертеңгілік сауықтыру жаттығулары;
- тыныс алу және ұсақ моториканы дамыту жаттығулары;
- қимылды және сенсорлық ойындар;
- арт-терапия элементтері;
- релаксациялық жаттығулар жүргізілді.

Логопед, дефектолог және психолог мамандар жеке және топтық түзете-дамыту жұмыстарын жалғастырды. Балалардың эмоционалдык жағдайын тұрақтандыруға бағытталған ойын терапиясы қолданылды.

Қауіпсіздік ережелері бойынша балалармен және ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Шілде айы

Шілде айында сауықтыру және түзету-дамыту жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылды. Балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында:

- құм терапиясы;

- су ойындары;
- музыкалық-ырғақты жаттығулар;
- шығармашылық жұмыстар;
- сенсорлық дамыту ойындары ұйымдастырылды.

«Денсаулық күні», «Көңілді старттар», «Табиғат әлемі» тақырыптарында ойын-сауық және спорттық шаралар өткізілді.

Мамандар тәрбиеленушілердің сөйлеу тілін, танымдық қабілетін, ұсақ және жалпы моторикасын дамыту бағытында жұмыстар жүргізді. Медициналық бақылау тұрақты ұйымдастырылып, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы қадағаланды.

Тамыз айы

Тамыз айында жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілді. Балалардың әлеуметтік бейімделуін және танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ай барысында:

- тіл дамыту ойындары;
- логикалық тапсырмалар;
- кітап қарау және ертегі тыңдау;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту жаттығулары өткізілді.

Педагогтер мен мамандар тәрбиеленушілердің даму динамикасына мониторинг жүргізіп, ата-аналарға ұсыныстар берді. Сонымен қатар топ бөлмелері мен дамыту орталықтары жаңа оқу жылына дайындалды.


Қорытынды:

Жалпы, жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, эмоционалдық жай-күйін жақсартуға және түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігін арттыруға ықпал етті. Жоспарланған жұмыстар толық көлемде орындалды.

Ұсыныстар:

- Түзете-дамыту жұмыстарында заманауи әдістемелер мен технологияларды (арт-терапия, құм терапиясы, ойын терапиясы) кеңінен қолдану;
- Мамандардың (логопед, дефектолог, психолог) жеке және топтық жұмыстарының жүйелілігін арттыру;
- Балалардың жеке даму картасына сәйкес түзету жұмыстарының мониторингін тұрақты жүргізу;
- Жазғы сауықтыру кезеңінде қимылды және сенсорлық ойындарды көбейту;
- Ата-аналармен кері байланысты күшейту және кеңес беру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру;
- Қауіпсіздік және денсаулық сақтау талаптарының қатаң сақталуын тұрақты бақылауда ұстау.

Күні: «03» қыркүйек 2025 жыл.



«Талдықан» муниципалдік орталық балабақшасы
Директоры Махутова М.Х.
2025 жыл

**«Оңалту-түзету балабақшасында заманауи
әдістемелер мен оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру
технологияларын енгізу»**

Баяндамашы: Басбаева А.

Тақырыбы:

«Оңалту-түзету балабақшасында заманауи әдістемелер мен оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру технологияларын енгізу»

Кіріспе

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері!

Мен өз баяндамамда оңалту-түзету балабақшасында заманауи әдістемелер мен оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру технологияларын енгізу тәжірибем туралы қысқаша тоқталамын.

Негізгі бөлім

Бүгінгі таңда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда дәстүрлі әдістермен қатар заманауи педагогикалық технологияларды қолдану маңызды рөл атқарады. Осы мақсатта «Жарқын» тобында оқу-тәрбие процесі балалардың жеке ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылуда.

Жұмыс барысында келесі заманауи әдістер тиімді қолданылды:

- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- арт-терапия элементтері (сурет салу, мүсіндеу);
- құм терапиясы;
- сенсорлық дамыту жаттығулары;
- ақпараттық-коммуникациялық технология элементтері (көрнекі материалдар, мультимедиялық құралдар).

Бұл әдістер балалардың танымдық қызығушылығын арттырып, сөйлеу тілін, ұсақ моторикасын және эмоционалдық жағдайын дамытуға оң әсерін тигізуде.

Сонымен қатар түзете-дамыту жұмыстары жеке және топтық формада жүйелі жүргізілуде. Әр баланың даму ерекшелігі ескеріліп, жеке даму карталары бойынша жұмыс атқарылуда. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, кеңес беру жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Қорытынды

Қорытындылай келе, заманауи әдістемелерді тиімді қолдану оңалту-түзету балабақшасындағы оқу-тәрбие процесінің сапасын арттырып, балалардың жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2022.
4. Выготский Л.С. *Психология развития ребенка*. – Москва: Эксмо, 2021.
5. Монтессори М. *Помоги мне сделать это самому*. – Москва, 2020.
6. Никитина А.В. *Арт-терапия в работе с детьми*. – Санкт-Петербург, 2019.
7. Семаго Н.Я., Семаго М.М. *Инклюзивті білім беру негіздері*. – Москва, 2020.
8. Интернет ресурстары:
 - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
 - «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы

Назарларыңызға рахмет!



Махутова М.Х.
2025 жыл

Тренинг тақырыбы:

«Қарым-қатынас»

Өткізуші: логопед Атабаева Н.

Тренинг тақырыбы: «Қарым-қатынас»

Мақсаты:

Педагогтердің өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, тиімді коммуникация дағдыларын дамыту, ұжымда жағымды психологиялық ахуал орнату.

Міндеттері:

- Қатысушылардың бір-бірімен еркін қарым-қатынас жасауына ықпал ету;
- Тыңдай білу және өз ойын дұрыс жеткізу дағдыларын дамыту;
- Ұжымдағы сенімділік пен ынтымақтастықты нығайту;
- Эмоциялық көңіл-күйді көтеру.

Қажетті құралдар:

Стикерлер, маркерлер, ватман, смайликтер, доп, музыка.

Тренинг барысы

I. Кіріспе бөлім

Ұйымдастыру кезеңі

Қатысушылармен амандасу, тренингтің мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.

Жүргізуші сөзі:

— Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Бүгінгі «Қарым-қатынас» атты тренингімізге қош келдіңіздер! Қарым-қатынас — адам өміріндегі маңызды құндылықтардың бірі. Жылы сөз, дұрыс қарым-қатынас, бір-бірімізді түсіну — ұжымның табысты жұмысының негізі. Бүгінгі тренинг барысында біз өзара сенімділікті нығайтып, жағымды көңіл-күй қалыптастыруға тырысамыз.

II. Негізгі бөлім

1-жаттығу: «Танысу шеңбері»

Мақсаты: қатысушылар арасында еркін атмосфера қалыптастыру.

Қатысушылар шеңбер бойымен өз есімін айтып, өз бойындағы бір жақсы қасиетін атайды.

Мысалы:

«Мен — Айгүлмін, мен мейірімдімін».

2-жаттығу: «Жылы лебіз»

Мақсаты: жағымды эмоция қалыптастыру.

Қатысушылар бір-біріне доп беру арқылы жылы сөздер мен тілектер айтады.

Мысалы:

«Сізге шығармашылық табыс тілеймін», «Сіздің күлімсіреуіңіз ұнайды».

3-жаттығу: «Тыңдай білесің бе?»

Мақсаты: тыңдау мәдениетін дамыту.

Қатысушылар жұппен жұмыс жасайды. Біреуі белгілі бір тақырыпта сөйлейді, екіншісі мұқият тыңдап, кейін айтылған ойды қайталайды.

Талқылау сұрақтары:

- Тыңдау қиын болды ма?
- Қарым-қатынаста ең маңыздысы не деп ойлайсыз?

4-жаттығу: «Ортақ қасиет»

Мақсаты: ұжымдық бірлікті қалыптастыру.

Қатысушылар топ ішінде ортақ қасиеттерін немесе қызығушылықтарын табады.

Мысалы:

«Біз балалармен жұмыс жасағанды жақсы көреміз», «Барлығымыз шығармашылықты ұнатамыз».

Сергіту сәті

Музыка әуенімен қысқа қимылды жаттығулар орындалады.

5-жаттығу: «Ситуациялық тапсырма»

Мақсаты: тиімді қарым-қатынас жолдарын анықтау.

Қатысушыларға түрлі жағдаяттар ұсынылады.

Мысалы:

- Әріптесіңізбен түсініспеушілік туындады. Не істейсіз?
- Ата-анамен сөйлесу кезінде қандай қарым-қатынас сақтау қажет?

Қатысушылар өз ойларын ортаға салады.

III. Қорытынды бөлім

Рефлексия: «Көңіл-күй смайлигі»

Қатысушылар өз көңіл-күйлеріне сәйкес смайлик таңдап, тренингтен алған әсерлерімен бөліседі.

Қорытынды сөз

— Құрметті әріптестер! Қарым-қатынас — сыйластық пен түсіністіктің негізі. Жылы сөз бен жақсы қарым-қатынас әрқашан адамға күш береді. Бүгінгі тренингтен алған әсерлеріңіз күнделікті жұмыстарыңызда пайдалы болады деп сенемін.

Назарларыңызға рахмет!

Өткізілген күні: 03 қыркүйек 2025 жыл

ҚҰЖАТ ТІГІЛДІ ЖӘНЕ НӨМІРЛЕНДІ
Барлығы *X* (*он мың*) беттен тұрады
Мөр орыны
Колы *[Signature]*



[Handwritten signature]